



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Список использованных источников:

- 1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 г.) // Казахстанская правда. – 2012. – № 437-438 (27256-27257). – 15 декабря.
- 2 Закон РК от 3 июля 2014 г. № 228-V «О физической культуре и спорте» // Казахстанская правда. – 2014. – № 133 (27754). – 10 июля.
- 3 Гражданское право. Том II. Полутом I. Учебник: 2-е издание, переработанное и дополненное / Под ред. доктора юридических наук, профессора Е. А.Суханова - М.: Издательство БЕК, 2000, 412 с.
- 4 Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга третья: Договоры о выполнении работ и оказании услуг. 2-е изд., стер. – М.: Статут, 2011. – 1055 с.
- 5 Трудовое право России: учеб. / под ред. А. С. Пашкова. - СПб. : Изд-во СПбУ, 1994, 288 с.
- 6 Иоффе О. С. Обязательственное право. – М.: «Юрид. лит.», 1975, 872 с.
- 7 Орловский Ю.П. Сфера действия трудового законодательства и практика его применения. // Право и экономика. – 1998. – № 10.
- 8 Васильев С.В. Особенности трудового договора профессиональных спортсменов и рассмотрение споров в области профессионального спорта: дис. ... канд. юрид. наук. - М., 2006, 218 с.
- 9 Трудовой кодекс Российской Федерации от 30.12.2001 N 197-ФЗ // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34683/
- 10 Нургалиева Е.Н. Комментарий к Трудовому кодексу Республики Казахстан. – Караганды: РИО «Болашак – Баспа», 2015, 849 с.
- 11 Овчинникова Н.А. Правовое регулирование профессионального спорта в Российской Федерации: общеправовой анализ: дис. ... канд. юрид. наук. – Владимир, 2008, 193 с.
- 12 Трудовой кодекс РК от 23 ноября 2015 г. № 414-V ЗРК // Казахстанская правда. – 2015. – № 226 (28102). – 25 ноября.

УДК 318.6.1

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН ТҮСІНІГІ

Узақбаев Биржан Акылбекович
non-progredi-est-regredi@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ҚҚ-33 тобы студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – И.С.Сақтағанова

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылдың 20 ақпанында «Істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сенім деңгейін арттыру және сот төрелігінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Осы заңмен сот процесінің сатылары елеулі, түбегейлі реформаланды. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіндегі түзетулер республикамыздың сот жүйесін одан ары дамытуға бағытталған, жергілікті соттардың азаматтардың құқықтарын тиімді қорғаудағы рөлін арттыруға, азаматтардың сот төрелігіне қол жетімділігі бойынша сот рәсімдерін оңайлатуға және судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге көзделген.

Яғни, соттар сот ісін жүргізуге тартылған жүздеген азаматтың мұқтаждықтары мен сұрауларына барынша жақын болуы үшін, жергілікті жерлерде сот қателіктерін шұғыл түзету, облыстық соттардың әлеуетін толығырақ пайдалану мақсатында.

Кассациялық сатыда істі қарау одан ары Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотқа жүгіну үшін міндетті шарт болды.

Заң бойынша облыстық соттардың құрылымы екі сот сатысынан тұрады: апелляциялық – заңды күшіне енген сот актілеріне шағымдану бойынша, және кассациялық – заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау бойынша.

Енді кассациялық сот өкілеттігінің шеңберіне шағым жасалған және наразылық келтірілген сот актілерін, іс бойынша апелляциялық іс жүргізудің болуы не болмауына тәуелсіз сот актілерінің барлығын қайта қарау енеді.

Шағым жасаудың, наразылық келтірудің жалпы мерзімі - апелляциялық сатыдағы сотпен жария етілген күннен бастап алты ай, егер апелляция болмаса – сот актісі заңды күшіне енген кезден бастап, ал қамауда отырған сотталған адам оған үкімнің, қаулының көшірмесі тапсырылған кезден бастап, сотталғанның жағдайын жақсартуға - шағым жасау, наразылық келтіру мерзімдері шектелмейді.

Кассациялық өндіріс, яғни кассация (лат. cassatio — «болдырмау, жою») — заңда процессуалдық қызмет болып табылады. Қазіргі кассация алғаш рет Францияда пайда болды және осы жерде дамуын бастады .

XVI ғасырда Королева кеңесінде сот шешімдері *contrariétésetnullités* (қама-қайшылық, жарамсыздық; мүсәпірлік) арнайы шағым болған еді.

Ордонанс бойынша 1667 жылы кассация дегеніміз – ордонанстарды және эдиктерді бұзатын шешімдерді болдырмау есебінде анықталады.

Кассация құқығы Королева өкіметінің атрибуты және Королева кеңесі бөлімінің жүйесі болып саналды (*conseildesparties*).

Сот өндірісінің формаларының пайда болуы әртүрлі сот сатыларындағы сот актілерінің пайда болуына жағдай жасады.

Сонымен, тарихта сот актілерінің 2 апелляциялық және кассациялық тәртіптегі шағымдану формалары пайда болды.

Ал, қазақ мемлекетіндегі сот актілерін қайта қарау институтының дамуы Ресей империясындағы осы тәртіптердің қалыптасуымен тікелей байланысты еді. Ресейде сот қаулыларын қайта қарау институты XV ғасырдың аяғы - XVI ғасырдың басы болатын. XVIII ғасырда осы институт Батыс Еуропа елдерімен құқық дереккөздерін алыс-беріс қорытындысында апелляциялық деген термин келе бастады [1].

1917 жылы сот өндірісіндегі апелляция институты 1917 жылғы 24 қарашада № 1 «Сот туралы» Декретпен таратылды. Осылайша, Ресейде күшіне енген шешім мен үкімнің жалғыз формасы кассация қалады .

11 сәуірде 1923 жылғы ВЦИК қаулысымен РСФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) Жоғары Сот бөлімі құрылды. Жоғары Сот бөлімі президиумы төраға және қылмыстық іс бойынша кассациялық коллегиямен құрылды .

Ал, 1 маусым 1925 жылы Президиум ВЦИК «Азаматтық істер және кассациялық коллегия бойынша Жоғары Сот коллегиясының Қазақ бөлімін құру туралы» қаулы қабылдады, онда мынадай мәселелер қаралған: «РСФСР Жоғары Сотының Қазақ бөлімі жанында:

1. Азаматтық істер бойынша кассациялық коллегия құру.

2. 11 сәуір 1923 ж. ВЦИК Президиумы бекіткен РСФСР Жоғары Сотына ережедегі нақты өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тапсыру.

Сонымен, БОАК-тың 1923 жылдың 11 сәуірі күнгі қаулысымен РСФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) бөлімінің Жоғарғы Соты құрылды. БОАК-тың (ВЦИК) Төрағасы М.Калинин, хатшысы Т.Сафронов қол қойып, бекіткен "РСФСР Жоғарғы Соты Қырғыз (Қазақ) бөлімінің ережесі туралы" N 0268 тарихи құжатын толығымен келтірейік:

"1. Қырғыз Жоғарғы Сотының бөлімі мынадай құрамда іс атқарсын:

- а) Төралқа,

- б) Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа,

- в) Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы.

2. Жоғарғы Сот бөлімінің төралқасы: бөлім төрағасы, қылмыстық істер жөніндегі кассациялық және сот істері алқаларының төрағаларынан құрылсын.

3. Төралқа:

а) Жоғарғы Сот бөліміндегі сот мүшелерінің міндетін айқындап, бөліп береді;

б) Арнайы тағайындалған сот құрамымен сот ісі жөніндегі алқа ісін жеке-дара қарайды;

в) Жоғарғы Сот бөлімі бойынша мәліметтерді жинақтап және де сот алқасының мәліметтерін қарап, бекітеді;

г) Республика Прокурорының ұсынысы бойынша облыстық соттарды арнайы тексеруді тағайындап, осы тексеру қорытындысын тыңдап бекітеді;

д) Республика Прокурорының жеке хабарлауымен әрі тексеру қорытындысы есебімен Қырғыз (Қазақ) Жоғарғы Соты бөліміндегі сот мүшелері, облыстық соттың төрағалары, олардың орынбасарлары үстінен өндірістік тәртіптілік ісін қозғайды.

4. Жоғарғы Сот бөлімінің Төрағасы бөлімдегі барлық жұмыстарға басшылық жасайды.

Төраға және оның орынбасары барлық алқадағы қаралатын сот істеріне төрағалық ету құқығын өзіне қабылдай алады.

5. Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқа РСФСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 437-447-баптарын негізге алып әрекет етеді. Сонымен қатар, бұл облыстық соттардағы кассациялық инстанциядағы қылмыстық істерге де қатысты.

6. Кассациялық алқаның сот мәжілісінің құрамы төрағалық етуші және екі мүшеден тұрады (үш тұлға).

Жоғарғы Сот бөліміндегі кассациялық алқа жанында Прокурордың көмекшісі тіркеледі.

7. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасына қатысты сот ісін РСФСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 448 және 449-баптары бойынша сот алқасы жүргізеді.

Сот алқасындағы сот мәжілісінің құрамы үш тұлғадан тұрады: Төрағалық етуші және сот алқасы жанындағы Жоғарғы Сот өкілі мен прокурордың көмекшісі.

8. Жоғарғы Соттың бөлімі "Сот құрылымы туралы ережеде" көрсетілген 60-баптың 1,2-тармағына сәйкес пленум өткізбейді. Ондай құқық РСФСР Жоғарғы Сотына ғана берілген.

9. Жоғарғы Соттың бөлімінде тәртіптілік алқасы болмайды. Ондай құқықпен қызметті төралқа қарайды.

10. Жоғарғы Сот бөлімінің құрамын бекітіп, тағайындау "Сот құрылымы туралы ереженің" 58-бабына сәйкес жүргізіледі," — деп көрсетілген.

Төралқа құрамы Жоғарғы Сот бөлімінің Төрағасынан және сот алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі кассациялық алқадан тұрды. Ал, атқаратын қызметі:

а) "алқа мүшелері арасындағы жеке-жеке орындайтын міндеттерін бөліп беру,

б) губерниялық соттардың қарамағындағы судьяларды тағайындау,

в) өндірістік тәртіп жөнінде іс қозғап қарау,

г) арнайы бұйрықтар мен инструкцияларды қарап бекіту", — деп көрсетілген [2].

1924 жылы Төралқа мәжілісі 31 рет шақырылып, 77 әртүрлі істерді қараған. Оның ішінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты 11 іс, губерниялық соттарды тексеру жөнінде 7 баяндама, губерниялық соттардың тәртіптілік алқасы қараған шешім туралы 6, өндірістік тәртіптілік мәселесі жөнінде 4, ішкі циркуляр және түрлі түсіндірмелер, губерниялық соттарды тексерушілер туралы 3, қазақ тілінде іс жүргізуді жеделдету жөнінде 6, сот алқалары атқарған істер туралы 3, Жоғарғы Соттың ережесі туралы 5, соттарды қызметке тағайындау және ауыстыру жөнінде 6, өзге де ұйымдық жұмыстар туралы 10 іс қарап, шешім қабылданған. Соның ішінде қазақша іс жүргізу мәселесі өте баяу орындалған. Сотта қазақша іс қарайтын судьялар өте аз болған, ұлттық кадр жоққа тән еді.

Бұл жылдары РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі де өзінің сот құрылымы жөніндегі ережесін қайта қарап, бекітудің жобасын жасады. Бұған бірден-бір себеп болған нәрсе — 1925 жылға дейін Жоғарғы Соттың Қазақ бөлімінде азаматтық сот істерін қарайтын

алқа болмаған еді. Азаматтық істер губерниялық (облыстық) соттарда ғана қаралып, шағымдану тәртібі мен наразылық келтіру тікелей РСФСР Жоғарғы Сотына жіберілетін.

Одақтас республика дәрежесіндегі Қазақ АССР-нің Жоғарғы Сотында азаматтық істер жөнінде сот алқасының міндетті түрде қажет екенін сезінген БОАК-тың Төралқасы 1925 жылғы 1 маусымдағы мәжілісінде "РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі жанынан азаматтық сот істері жөніндегі алқа және кассациялық алқа құру туралы" мәселені тыңдап, қаулы алған. Онда:

"1. РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің жанынан:

а) Азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқа белгілі мақсатпен құрылсын;

2. РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің 1923 жылғы 11 сәуірдегі БОАК-тың төралқасы бекіткен ережесіне жеке баптармен өзгерістер мен толықтырулар енгізу РСФСР Жоғарғы Сотына тапсырылсын. Аталған сот алқасының құзыреттік шегін, сондай-ақ қаншалықты талап құны мөлшерінде іс қарайтынын анықтасын.

3. РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің ережесі туралы жоба мәтініндегі өзгерістерді БОАК-тың төралқасы мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесіне ұсынсын, — делінген. РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің 1925 жылы 24 тамыз күнгі өткен төралқа мәжілісінің № 9 хаттамасында: БОАК-тың 1923 жылғы 11 сәуірдегі және 1925 жылдың 1 маусымындағы қаулыларына сәйкес ережедегі 1-баптың "б", "в" тармақтары мынандай редакцияда жазылды:

б) Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы және азаматтық істер жөніндегі сот алқасы.

2) 2-баптағы "бөлімнің төрағасы" деген сөзден кейін "Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сот алқасының және Азаматтық сот істері жөніндегі кассациялық алқаның төрағалары деп жазылсын", — делінген. Сондай-ақ, сот істеріне қатысты басқа да толықтырулар енгізген.

РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімі ережесінің жаңа жобасы мемлекеттік заң орындарының барлығында талқыланып, бекітілді. Ережеге енгізілген ең басты толықтыру — Азаматтық сот істері жөніндегі алқа және кассациялық алқа сатыларын Қазақ АССР-і Жоғарғы Сотының құрамына енгізу болды [3].

Сол 1925 жылғы БОАК-тың төралқасы қарап, қаулы алған жобадағы ереженің 6-бабында:

"... Жоғарғы Сот Қазақ бөлімінің азаматтық істер жөніндегі кассациялық алқа сатылары Қазақ Советтік Социалистік Республикасындағы облыстық және губерниялық соттардың азаматтық істер бойынша жіберген талап құнын 10000 сомнан асырмайды. Егер іске қатысты талап құны 10000 сомнан асса, кассациялық шағым мен қадағалау тәртібі бұрынғыдай РСФСР Жоғарғы Сотында тікелей қаралады, — делінген. Азаматтық сот алқасына жататын барлық сот істерінің талапкерлері және жауапкерлері болып ҚазОАК Халық Комиссарлар Кеңесі, Халық комиссариаттары мен оған теңестірілген орталық басқармалар, губерниялық, облыстық атқару комитеттері және астананың қалалық кеңесі танылды. Осы жобамен келіскен БОАК пен РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1926 жылғы 18 қаңтарда "РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінің ережесі туралы" қаулысын шығарды.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты — республикадағы ең жоғарғы сот ұйымы болып танылды. Өзінен төменгі соттар қарап, шешім қабылдаған істер бойынша шыққан үкімдерді наразылық келтіру тәртібімен қайта қарауға мүмкіндік алды. Сондай-ақ, соттардың кассациялық шағымды қарау барысында күшінде қалдырылған шешімдерді немесе кассациялық шағым заңда көрсетілген мезгілде сотқа берілмесе, оны наразылық келтіріп, қайта қарау құқығын иеленді.

26 наурыз 1937 ж. X Бүкілқазақстандық Кеңес жаңа социалистік Конституция туралы Қаулы қабылдады.

СССР Конституциясының IX бөлімі мен Қазақ ССР Конституциясының VII бөлімі сот органдарының прокурорлық қызметін құруға және ұйымдастыруға арналған. Қазақ ССР Конституциясына сәйкес сот жүйесінің әкімшілік бөлігі халық депутаттары Кеңесінің ұсынысымен құрылған.

Облыстық соттар облыс көлеміндегі қылмыстық және азаматтық істерді қарайды және шешім қабылдайды, сонымен қатар кассациялық шағымдарды, халықтық соттардың шешімі бойынша шағымдарды қарады және шешім шығарып орырды.

Қазақ ССР Жоғарғы сотында қылмыстық істер бойынша сот коллегиясы және азаматтық істер бойынша сот коллегиясы жүргізілді. Жоғарғы соттың екі коллегиясы бірдей болды, істі бір – біріне тәуелсіз өз беттерінше жүргізді.

Олар заң күшіне енген төменгі сот шешімдері және үкімдерін қайта қарай алды. Әлі күшіне енбеген кассациялық шағым бойынша Қазақ ССР Жоғарғы сот төрағасының жобасымен қабылданған облыстық соттың шешімдерін қайта қарауға құқық берілді.

1959 жылы Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің II сессиясы аса маңызды үш бірдей заң қабылдады. Олар: Сот құрылысы туралы заң, Қылмыстық кодекс және Қылмыстық іс жүргізу кодексі болатын. Аталған бұл заңдар 1958 жылғы 25 желтоқсандағы КСРО мен одақтас республикалардың заңдарын қарап бекіткен КСРО Жоғарғы Кеңесінде жан-жақты талданып, сараптаудан өткен еді. Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесі шығарған сот құрылымы туралы жаңа заң бойынша Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты жанынан Пленум құрылды. Бұдан бұрынғы заңдарда мұндай өкілеттілік РСФСР Жоғарғы Сотының құзырында ғана болғанын жоғарыда айтып өткенбіз.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Төралқасының да құзыры кеңейтіліп, ауқымды жұмыс жасауына бөгет болмады. Жоғарғы Сот Төралқасының құрамы Төраға және оның орынбасары мен мүшелерінен құрылды. Төралқа Қазақ ССР Жоғарғы Сотындағы сот алқалары шығарған ұйғарымдар, шешімдері мен үкімдері бойынша келтірілген наразылықтарды қарап, қабылдады. Оған республика прокуроры немесе оның орынбасары міндетті түрде қатысып отырды.

Республика Жоғарғы Сотының Төралқасы мен Пленумының құзыреті "Қазақ ССР-нің сот құрылымы туралы" заңындағы 47 және 49-баптар бойынша белгіленіп көрсетілген еді. Онда Жоғарғы Соттың Төралқасы мен Пленумы бұған дейінгі белгіленген заң ережелерінен әлдеқайда пәрменді болды. Сондай-ақ, республика аймағындағы сот істері мен оның қызмет істеуіне және басқару жүйесіне де бақылау жасады.

Қаулыда Республикадағы сот жүйесін реформалау туралы жан-жақты айтылды. Әсіресе, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру, оларды ұйымдық жағынан нығайту, іс қарауда соттардың ешкімге тәуелді болмауын тиімділікпен арттырудың жаңа жобасы жасалды. Сондай-ақ, жалпы соттар мен төрелік соттарға жіктелудің де қажет емес екенін анықтап берді. Республика Президенті Жоғары Сот Кеңесінің және Әділет біліктілік алқасының ұсынуымен судьялардың судьялық қызметтік міндетін түпкілікті бекітуді талап етті. Соттардың қызметін жан-жақты қамтамасыз етудегі кадр, ішкі шаруашылық істермен айналысуды сот істерінен бөліп, аппарат басшылығына жүктеу көзделді. Сондай-ақ, сот әділдігін жүзеге асыруда және сот қаулыларын орындауда аппарат ішкі ұйымдастыру жұмыстарына мейлінше көмек-жәрдем беруге тиіс делінді.

Аталған қаулыда судьялардың әлеуметтік жағдайларын арттыру да маңызды мәселе ретінде қаралды. Судьялардың құқықтарын мемлекеттік тұрғыдан қорғап, отбасы мүшелерін әлеуметтік тұрғыдан қорғап, қолдаудың принципі үлгілері нақтылы көрсетілді.

Жоғарғы Сот Республикадағы жалпы соттардың ең жоғарғы ұйымы болып табылатыны атап көрсетілді. Оның құзыретіне ең жоғарғы лауазымды тұлғалардың қылмыстық істері жөніндегі сот істерін қарау, сондай-ақ, кассациялық, қадағалау сатыларының міндеттері және заңдарды қолдану жөніндегі мәселелерге түсінік беруді жүзеге асыру кірді.

Бұл қаулыда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты арнайы сот алқаларына бөлініп құрылатыны, судьялар құрамы да соған қарай іріктелетіні көрсетілді. Сондай-ақ, облыстық соттың құрылымы, оның төрағасы, алқа төрағалары, оған теңестірілген қалалық соттың да құрылым жүйесі осы негізде болды. Ал, Қазақстан аумағындағы әскери сот дәрежесіне міндетіне қарай Республика Жоғарғы Соты Пленумының құрамына кіретіні

айтылды. Осы уақытқа дейін барлық сот сатыларында сот ісіне қатысып келген халық заседательдерінің институтын жою керектігі көрсетілді [4].

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы осы қаулысының, еліміздегі құқық қорғау органдары мен заң шығару орындарында және сот құрылымындағы құқықтық реформалар негізінде 1995 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" заң күші бар Жарлығы шықты. 84 баптан тұратын бұл жарлық республикадағы тәуелсіз сот билігі мен судьялардың мәртебесі туралы әлемдік өркениеттегі құқықтық нормаларға сай келетін жаңаша заңдар ережесін жасап, бекітіп берді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 75 жылдық тарихындағы еліміздегі құқықтық қатынастарға сай сот әділдігін жүзеге асыруда, оның құрылымдық жүйесін әр жылдардағы замана саясатына сәйкес жетілдіріп, қоғам мен халық мүддесіне орай сот әділдігін жүргізуде Жоғарғы Сот осындай биік белестен өтті [5].

Бірінші сатыдағы және апелляциялық сатыдағы соттардың актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау азаматтық дау бойынша шығарылған сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексерудің тәсілі болып табылады. Кассациялық сот өндірісінің институты дегеніміз жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеретін кассациялық соттың қызметін реттейтін процессуалдық нормалардың жиынтығы. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54-тарауы кассациялық сот өндірісінің қызметіне арналған. Бұл тараумен кассациялық тәртіппен шағым беру, наразалық келтіру тәртібі, алғышарттары, істі кассациялық тәртіппен соттың қарау тәртібі, сот өкілеттігі, т.б. елеулі ережелер реттеледі.

Кассациялық сот өндірісінің мәні мыналарда:

- бірінші инстанциядағы соттың шешімдері мен ұйғарымдарының және апелляциялық сатыдағы соттың шешімінің заңдылығын тексеру;
- бірінші сатыдағы және апелляциялық сатыдағы соттардың заңды шешім шығаруларын қамтамасыз ету;
- іске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалатынына кепіл беру.

Кассациялық қайта қарау- бұл бірінші сатыдағы соттар мен апелляциялық сатыдағы соттардың жіберген қателерімен күресудегі ең негізгі нысан болып табылады. Кассациялық сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 449-б., 16. сәйкес, іс бойынша материалда бар мәліметтер мен дәлелдемелер шегінде істі қарап, шешім шығарады. Кассациялық сатыдағы сот заңдылық мүддесінде өтінішхаттың, ұсынудың немесе наразылықтың шегінен шығуға және шағым жасалған, наразылық келтірілген сот актісінің заңдылығын толық көлемде тексеруге құқылы. Өтінішхатты ұсынуды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша кассациялық сатыдағы сот қаулы шығарады. Сот қаулысының рөлі өте жоғары, себебі кассациялық сот өндірісінен кейінгі сот актісіне шағымдану (наразылық білдіру) сатысы жоқ. Кассациялық сот өндірісі барысында туындайтын азаматтық іс жүргізушілік қатынастарды сот әділ сот төрелігін келесідей шешімдер қабылдай отырып жүргізеді:

- апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын, қаулысын – күшінде, ал өтінішхатты немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;
- апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымының, қаулысының күшін жояды және бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін күшінде қалдырады;
- бірінші сатыдағы сот шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жояды және істі бірінші немесе апелляциялық сатыдағы тиісті сотқа судьялардың басқа құрамында жаңадан қарауға жібереді;
- бірінші сатыдағы сот ұйғарымының, шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымы мен қаулысының күшін толық не бір бөлігінде жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібереді не, егер іс апелляциялық сатыдағы сотта немесе мәні бойынша қаралмаған болса, бірінші сатыдағы сотқа жібереді;

- бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімінің, қаулысының және ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жояды және татуласу келісімінің, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің бекітілуіне байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады немесе арызды қараусыз қалдырады;

- бірінші сатыдағы немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімдері мен қаулыларын өзгертеді;

- егер бірінші не апелляциялық сатыдағы сот материалдық құқық нормаларын қолдануда қателік жіберген болса, істі жаңадан қарауға жібермей, жаңа сот актісін шығарады [6].

Кассациялық сот өндірісінің маңыздылығын осы сотқа берілген өкілеттіктерден байқауға болады. Енді мұндай маңызды шешім қабылдайтын және әділдіктің ең жоғарғы шегін жүзеге асыратын органды анықтар болсақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 35 және 437-баптарына жүгіну керек. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарауды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жүзеге асырады. Сот құрамына келер болсақ, сот отырысын судьяларының тақ санында (кемінде үш) сот алқасы төрағасының не оның тапсыруы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен соттың алқалы құрамы жүргізеді. Егер де, кассациялық саты сотының, яғни осы сатыдағы соттың өзінің қаулыларын қайта қарау бойынша істерді қарауды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының немесе оның тапсыруы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен тақ санды (кемінде жеті) судьялар алқалы құрамда жүргізеді. Кассациялық сатыдағы сот қаулысы ол жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді. Кассациялық сот өндірісінің мәні мен маңызы бұл өндірістің субъектілер құрамы мен соттың өкілеттіктерінде көрініс табады.[7]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://group-global.org/ru/publication/17067-institut-kassacii-v-grazhdanskom-processe-stran-kontinentalnoy-sistemy-prava>
2. "Ведомости Верховного Совета СССР " 1956, N9, с. 119.
3. Заседание Верховного Совета Казахской ССР четвертого созыва, с. 212.
4. "Ведомости Верховного Совета СССР " 1956, N9, с. 221.
5. <http://sud.gov.kz/kaz>
6. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. В 2-томах. Алматы, 2001
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

УДК 379.85:796:338:48:640.4 (574.54)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Усенбай Салтанат

erkem_84@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 3 курс студенті, Қызылорда,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Е.К.Саниязова

Қазақстан өзінің алуан түрлі және кең аумағымен, әдет- ғұрпымен, қызықты мәдениеті мен бай табиғи және тарихи мұрасымен туристік объекті ретінде қызықтырады. Қазақстанның туристік әлеуеті туризмнің барлық түрін: мәдени, танымдық, шытырман